



Машина жасау саласын дамытудың басымдықтары айқындалды

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен Қазақстан машина жасаушылар одағының Үйлестіру кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Отырыстың жұмысына Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Рустам Қарағойшин, «Алпур компаниялар тобы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьев, мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың және отандық жетекші кәсіпорындардың басшылары қатысты.

Басқосу барысында машина жасау саласын дамытуға қатысты жүйелі мәселелер, 2028 жылға дейінгі машина жасауды дамыту жөніндегі Кешенді жоспардың жүзеге асырылу барысы, сондай-ақ

осы жылы Одақ атқарған жұмыстың қорытындылары қаралды.

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев өңірлерде отандық машина жасауды дамыту үшін сенімді негіз қалыптасқанын, сондай-ақ бизнес, Парламент пен Үкімет арасындағы тиімді қарым-қатынас саланың одан әрі қарқынды дамуын қамтамасыз ететінін атап өтті.

Одақтың басқарма төрағасы Мейрам Пішембаев баяндама жасады. Ол 2023-2024 жылдары Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауларында берілген тапсырмалардың орындалуы туралы баяндап, биыл Үкімет және Парламентпен бірлесіп өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға бағытталған маңызды заңнамалық өзгерістер қабылданғанын атап өтті. Оларға ішкі елдік қндылықты дамыту бағдарламаларын бекіту мен оффтейк-келісімшарттарды жасасу, сондай-ақ импортталатын жабдықтар

мен материалдарға қосылған құн салығын 1 жылға дейін кейінге қалдыру нормалары кіреді.

Жиын барысында өнеркәсіптік роботтарды жедел енгізу және өндірісті цифрландыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сондай-ақ кәсіпорындарды отандық шикізатпен қамтамасыз ету, ішкі елдік қндылық бағдарламаларын бекіту жөніндегі міндеттемелерді заңнамалық тұрғыда бекіту және қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін енгізу мәселелері де қаралды.

Роман Скляр мемлекеттік органдар мен бизнестің үйлесімді жұмысы саланың тұрақты өсуі мен қойылған міндеттердің орындалуы үшін аса маңызды екенін атап өтті.

Отырыс қорытындысы бойынша кеңес мүшелерінің барлық ұсынысы әрі қарай қарау және шешім қабылдау үшін Үкіметке және тиісті мемлекеттік органдарға ұсынылады.

Балалар қауіпсіздігін қорғау-басым бағыт

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмілетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне арналған жиын өтті.

Басқосуға Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Бас прокурордың бірінші орынбасары Жандос Өмір-

дағы мәселе екенін еске салды.

Мемлекеттік кеңесші елімізде балалардың құқығын қорғау саласында заңнамалық және институционалдық негіздер қалыптасқанын атап өтті. Сонымен қатар «Қазақстан балалары» бағдарламасының жобасы аясында 100-ден аса іс-шарадан тұратын кешенді шара-



әлиев, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева қатысты.

Жиында Астана және Алматы қалалары, Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда облыстары әкімдерінің орынбасарлары баяндама жасап, балалар қауіпсіздігін қорғау саласындағы өзекті мәселелерге тоқталды.

Ерлан Қарин балалар құқығы мен қауіпсіздігін қорғау ішкі саясат саласының басым бағыты әрі Мемлекет басшысының жіті назарын-

лар қарастырылып отырғанын жеткізді. Мұның барлығы балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілін жетілдіруге бағытталған.

Ерлан Қарин Оқу-ағарту министрлігіне аталған бағыттағы жұмысты ұтымды үйлестіріп, бірлескен іс-қимыл шаралары мен тәсілдерін әзірлеуді тапсырды.

Өңірлер басшылығының қатысуымен мұндай жиындар тұрақты түрде ұйымдастырылады.

Республикалық маңыздағы жолдың бәріне мал өтпейтін қоршау орнатылуы мүмкін

Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Аманғали Бердалиев орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында тұрғындардан республикалық жолдарды мал кірмейтіндей қоршау орнату туралы өтініш көп түсіп жатқанын айтты.

«Жол бойындағы малды көлік апатынан қорғау үшін шетін қоршау керектігі көптен бері айтылып келеді. Қазір ондай қоршау тек І санаттағы республикалық маңыздағы жолдарға ғана орнатылады екен. «ҚазАвтоЖол» компаниясына Ауыл шаруашылығы министрлігі бүкіл республикалық маңызды жолдарға мал



өтпейтін қоршау орнату туралы өтініш жасай ала ма, деп сұрады журналист.

Вице-министр бұл бастаманы қолдауға әзір екенін айтты.

«Мұндай мәселенің бәрін ауыл шаруашылығы министрлігі қолдайды. Өзіңізге де осындай мәселе көтеріп отырғаныңыз үшін рахмет. Өйткені бұл қазір халық көп көтеріп жүрген негізгі тақырыптың бірі. Біз жергілікті әкімдіктер бар, өз тарапымыздан да, бәріміз бірге жұмыс істеуіміз керек деп ойлаймын, - деді Аманғали Бердалиев.



Ауылдардағы атқарылған жұмыстар талқыланды

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Жиынға салалық орынбасарлар, бөлім және мекеме басшылары, ауылдық округтер мен кент әкімдері қатысты.

Мәжілісте кенттер мен ауылдық округтердегі инфрақұрылымды жаңарту және елді мекендерді абаттандыру жұмыстары талқыланды.

Ауылдық округтерде биыл атқарылған жұмыстар жеке-жеке қаралып, жүзеге асқан жобалар мен жыл соңына дейін аяқталуы тиіс нысандардың жұмыс барысы пысықталды. Ауылдық округтер мен кент әкімдерінің есептері тыңдалып, нақты тапсырмалар жүктелді. Әрбір бағыт бойынша жауаптыларға хаттамалық тапсырма беріліп, орындалу мерзімі белгіленді. Және олардың белгіленген мерзімде орындалуын қатаң бақылауда ұстау ескертілді.

Қоғамдық бақылау жүргізілді

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен Созақ ауданы, Шолаққорған ауылындағы “А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектеп” КММ-де қоғамдық бақылау жүргізілді.

Іс-шараға Созақ ауданы әкімі аппаратының өтініштерді қарауды бақылау және құжаттандыруды қамтамасыз ету бөлімшесінің бас инспекторы С.Қарабаев, “Демеу” мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрайымы, аудандық қоғамдық кеңес мүшесі Б.Смахова қатысты.

Бақылау барысында Мем-

лекеттік қызметтер туралы ақпараттық стендтер (құжаттар тізбесі, өтініш үлгілері) тәртібімен таныстырылды. Қызмет алушыларды қабылдаудың ұйымдастырылу сапасы және өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы тексерілді. Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі, ақпараттың анықтығы бағаланды. Гимараттағы дабыл батырмаларының жұмысқа жарамдылығы және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жағдайдың жасалуы қаралды.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында қызметтерді тиісті деңгейде ұйымдастыру бойынша ұсынымдар берілді.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессия отырысы өтті

Созақ аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXIII сессия отырысы өтті. Жиынға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков және аудандық мәслихат депутаттары мен тиісті бөлім басшылары қатысты. Сессия отырысын аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев жүргізді.

Сессияның күн тәртібіндегі негізгі мәселе—«2025–2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №154 шешімге өзгерістер енгізу бойынша аудан әкімдігі экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков хабарлады. Баяндама бойынша депутаттар өз ұсыныс-пікірлерін білдіріп, бюджет көрсеткіштерін нақтылау бағытында ойларын ортаға салды. Сондай-ақ аудан әкімдігі жанындағы жастар істері жөніндегі кең-



естің дербес құрамына өзгерістер енгізу мәселесі қаралып, тиісті шешім қабылданды.

Сессияда қаралған мәселелер жан-жақты талқыланып, депутаттар тарапынан қажетті шешімдер бекітілді.

Сессия қорытындысында аудан әкімі Мұхит Тұрысбе-

ков сөз алып, аудан аумағында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Алдағы кезеңде жүзеге асатын жобалар туралы айтып, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған бас-тамалармен бөлісті.

«Қызмет алушылар күні» іс-шарасы өткізілді



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен «Сервистік және клиентке бағдарланған мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға бағытталған қадамдық жоспарға» сәйкес, Созақ ауданында «Қызмет алушылар күні» іс-шарасы ұйымдастырылды.

Шараның негізгі мақсаты—тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, қолжетімділігін қамтамасыз ету және халықпен тікелей кері байланыс орнату.

Аталған іс-шараға Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі және Созақ ауданы мансап орталығы филиалының жауапты мамандары қатысты. Іс-шара аясында «Жұмыссыз азаматтарды тіркеу тәртібі және атаулы әлеуметтік төлем төлеу т. б.» тақырыбына орай азаматтарға кеңес беріліп, тұрғындардың көкейіндегі сұрақтарына нақты әрі толыққанды жауаптар ұсынылды және мемлекеттік көрсетілетін қызмет алу тәртібі туралы ұнпақтар азаматтарға таратылды.

Мемлекеттік органдар тарапынан сервистік көзқарасты дамыту, ашықтық пен халыққа жақын болу принципін ұстану бағытында өткізілген бұл іс-шара тұрғындар тарапынан оң бағасын алды.

«Созақ үні»-ақпарат.

343 отбасыға қатты отын таратылды

Өздеріңізге мәлім болғанындай жылда қазан айында Шолаққорған ауыл әкімдігінің ұйымдастыруымен “СП Инкай” ЖШС-нің демеушілігімен ауылымыздағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына екі тоннадан қатты отын (көмір) таратылып келеді. Биылғы жылы да ауыл әкімдігінің және “Мансап” орталығының қызметкерлерінен, аудандық мәслихат депутаттары мен қоғамдық ұйымдардың төрағаларынан жасақталған комиссия тамыз айында тұрғындардың өтініштерін қабылдап, 343 отбасына көмір беруді ұйғарған болатын. Тек, тендер кеш ойнатылып, мердігер де кеш анықталып, көмір желтоқсан айының 4-не ғана теміржолдың бойындағы Жылыту тұйығына келіп түсті. Комиссия шешімімен қанағаттандырылған 343 отбасына 2 тоннадан қатты отын түрі (көмір) таратылып берілді. Көмірді таратуға жауапты жұмысшы топтың құрамында: Шолаққорған ауылы



әкімінің орынбасары Махан Ізбалаев, ЖКХ маманы Талғат Шайдазимов, басқа да әлеуметтік сала мамандары, Шолаққорған ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы Арынбеков Бүркіт қария мен “Ел Мүддесі” Қоғамдық бірлестігінің төрағасы, жергілікті қоғамдастықтың мүшесі, “Созақ үні” газетінің

аға тілшісі Данияр Бек, “СП Инкай” ЖШС-нің өкілі Камалдинов Данияр мен мердігер “ДК Нұрислам” компаниясының өкілі Қабылов Дархандар болды.

Көмір азаматтарымызға мердігер есебінен тегін жеткізіліп берілді.

Данияр БЕК.



Шешендік өнердің шыңын бағындырған Ислам

Желтоқсан айының басында Алматы қаласында жалпы білім беру ұйымдары арасындағы дала данышпандарының даналығын дәріптейтін республикалық «Ділмар» шешендік өнер байқауы өтті.

Биыл додаға еліміздің 18 облысы мен 4 қаласынан 25 оқушы қатысты.

Сөз сайысына түсіп, шешендік шеберлігін таныта білген, шаршы топтың алдында кесімді сөзін, өз ұстанымын нық ұстаған шәкіртіміз «Созақ» мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы Әбдіқадыр Ислам сөз бәйгесінде оза шауып жүлделі 1-орын иегері атанды.

Ауданымыздың, облыстың мерейін үстем еткен дарынды шәкірт Әбдіқадыр Исламды және жетекші ұстазы Нурбекова Гулмира Кемелбекқызын шын жүректен құттықтаймыз!

«Ділмар» додасының дарабозы атанған Исламның жеңісті күндері көп болсын!

«Созақ үні»-ақпарат.



Ақын рухын еске алған әсерлі кеш

Қозмолдақ ауылындағы іргелі оқу орны Фани Мұратбаев атындағы орта мектебінде «Құрмет» орденінің иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы, ақын, ұстаз Бөрғазының Өскенін еске алу кеші өтті. Аталмыш шараны ақын, жазушы Мақсат Қарғабай жүргізіп отырды. Иә, ақын жайлы ыстық естеліктер еске түсті, жалынды өлеңдер оқылды, әсерлі әңгімелер айтылды. Мектеп қабырғасында жүрген балалар үшін тың дүние, олар басқа әлемге енгендей болғаны анық. Кештің беташары ретінде мектеп оқушысы Мырзабек Кәусар қарындасымыздың жетекшілігімен ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы бейнебаянды көріп шықтық. Одан соң мектеп басшысы Кәдірханұлы Оразхан мен ауылдың абыройлы ақсақалы, тарихшы Рахманберді Жаппарқұл, аудандық мәслихаттың депутаты Құрман Әбіхлы мазмұнды, мағыналы естеліктермен бөлісе отырып, кеш шымылдығын ашты.

– Мен бұл бастаманы көптен бері ойлап жүр едім. Ақынды ардақтау, оның жырын сүйген қараша жұртты құрметтеу деп білемін. Са-

Өскен аға кешінде

*Тағдырының көрсе де нешемесін,
Талайынан теперіш, нешеме сын.
Өскен аға өндіре жаза жүріп,
Қара өлеңнің тұрғызған көсенесін.
Бөрғазының Өскені деген атпен,
Қара жырдың көгертіп көсегесін.
Сол ізбенен солар салған біз келеміз,
Қара жолын шабыттың төсегесін.
Өскен аға! Әкемді білесіз ғой,
Кешегі ол да сенің кеселесің.
Егіздейін өдік деп жазып ең ғой,
Ақын етіп жаратқан пешенесін.
Бұл Қозмолдақ өнердің бесігі ме,
Талай жайсаң енген де есігінен.
Өскен, Жеңіс, Сағынтай, Қазыбектер,
Елге әйгілі өлеулі есімімен.
Жастық шағы олардың осында өтті,
Тұсаулары осында дүр кесілген.
Төлеген, Жәнібектің жаны бөлек,*



бақты инені сәтімен дегендей орайы тура бүгінгі күнге дәл келіпті. Баршаңызға әсерлі кеш, көтеріңкі көңіл күй сыйласын, – деді мектеп директоры Кәдірханұлы Оразхан мырза өз құттықтау сөзінде. Мектеп ұстаздарының бірі Ақмарал Хайруллаева шәкірттерімен бірге жырдан шашу шашты. Әнші, ұстаз Исатаева Жеңіскүн қарындасымыз Мамырғали Байстың сүйемелдеуімен керемет әнін көпшілік қауымға сый етті. Бәрінен әсерлі болғаны «Шабыт» би ансамблінің ең жас мүшелері, шынашақтай бүлдіршін қыздарымыздың «Стюардесса» биін орындауы болды. Кішкентай жолсерік қыздардың киімдері де өздеріне қыйып қойғандай, қол сөмкелері де жарасып тұр. Еске алу шарасына ақынның жұбайы, ардагер ұстаз Нұржамал апай, желтоқсан ардагерлері Байзақ Таңатаров, аудандық білім бөлімінің әдіскері Гүлшат Ермаханова, ақынның інілері мен жиендері атынан Бостанұлы Бекжан мен Орынбасарұлы Нұрлан ән мен жырдан маржан төкті. Өскен ақынның көзі тірі туған апасы Аманкүл апа ақын інісінің балалық шағынан қызықты әңгімелер айтып берді. Кештің сәнін келтіре Есенбайұлы Нұрдаулет баламыз Төлеген атамның «Салтанат» күйін ырғағына түсе тамаша орындап көрермендер көзайымына айналды.

**Мақсат Күзембаев,
Қозмолдақ ауылы.**

Мақсат Қарғабай.

Еңбекпен жеткен биігің- заңғар болып көрінер

Жақында ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауылындағы Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінде жаңа дәрісханалар ашылды. Айта кету керек, биыл Созақ ауданының білім саласындағы үлгілі ұжымдарының бірі – Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі өзінің 20 жылдық мерейтойын ерекше қуанышпен қарсы алды. Осы айтулы датаға орай 3 желтоқсан күні білім ордасында «Еңбекпен жеткен биігің-заңғар болып көрінер» атты жаңа оқу кабинеттерінің ашылу салтанаты өткізіліп,

мектеп басшылығы атынан алғыс хаттар табысталды. Олар: – «Созақ Сәулет» КМК директоры, Созақ ауданының Құрметті азаматы Әлтеков Берік Әбдіқадырұлы; Мұнай саласының майталманы, Құрметті азамат Талғат Баймаханұлы; Зейнеткер, ардагер ұстаз Өтеева Ләззат Ақпанқызы. Сонымен қатар, ел ағалары: «Парасат» орденінің иегері Сексенбай Тұрысбеков пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еспенбетов Қабылбек Аманбекұлы, ауданымыздың Құрметті азаматы, зейнеткер



мектеп өмірінде тағы бір тарихи белес бастау алды. Таңертеңгі сағат тоғыздан бастап қонақтарды «Жас Ұландар» мен «Жас Сақшылар» сап түзеп қарсы алды. Мектеп ғимаратына кірген сәтте І қабатта домбырашылар тобының күмбірлеген күйі мен оқушылардың қолөнер көрмесі бүгінгі шараға мерекелік сән берді. Салтанатты жиын «Мектебім, өрлей түс дамуда» атты хор орындалуымен ашылды. Жүргізушілер ең алдымен мерейтойлық шараның мән-маңызына тоқталып, 20 жыл ішінде білім беру сапасы мен мектептің материалдық базасын нығайтуға үлес қосқан демеушілердің атқарған еңбегін атап өтті. Жаңа кабинеттер – ұрпақ болашағына жасалған инвестиция Биылғы оқу жылында мектепте үш жаңа дәрісхана жасақталып, оларды ашу салтанатына аудан азаматтары мен ардагер ұстаздар қатысты. Атап айтқанда: – Ардақты ана, ардагер ұстаз Нұржантегі Родина Әбілдақызы атындағы №82 құқықтану дәрісханасының лентасын қию құрметі ардагер спортшы Анарбай Шәдібеков, зейнеткер Алмас Нұржанов және Мадина Мәркенбаеваға бұйырды. Мұнан әрі, зейнеткер, ардагер ұстаз Өтеева Ләззат Ақпанқызы атындағы №94 география кабинетінің лентасын қию рәсімі – ғұмырын тәрбие ісіне арнаған ардагер ұстаз Ұрзада Өтжановаға тапсырылды. Ән мен күйге ұласқан салтанатты сәт жаңа оқу кабинеттерінің табалдырығын жаңа білім, жаңа мүмкіндіктер, жаңа серпінмен ашуға жол салды. Жаңа кезеңнің бастауы Мектеп-лицейдің 20 жылдық белесі тек жолдың қорытындысы ғана емес, жаңа мүмкіндіктердің бастауы. Ашылған дәрісханалар оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға, ақпараттық технологияларды терең меңгеруге және сапалы білімге жол ашары сөзсіз. Шара соңында ұйымдастырушылар демеушілерге тағы бір мәрте алғыс айтып, жас ұрпақтың сапалы білім, терең тәрбие жолында бірлесе еңбек етуге шақырды.

Данияр Құл-Ахмедұлы.

XX ғасыр трагедиясы:

Байлар институтының күйреуі және ұлт жоғалтқан құндылықтар

(Жалғасы.
Басы өткен санда).

Бұл-кеңестік жүйеден малды жасырудың кең тараған тәсілдерінің бірі еді. Байлар қалған 2000 қойды 4 бөлікке бөліп, әр қойды 15 рубльден бағалап, жергілікті төрт адамға берген: Бурабеков Ширмамбет, Кейкиев Ширимбай, Байдәулетов Теңқазы, Бұрчакбаев Қазығбай.

Бұл адамдар қойларды 1927 жылы сатып, түскен қаржының үш бөлігін Байлар мен оның ұлы Даттыбекке қайтарып отырған.

Төртінші бөлік-“мал жасыруға көрсеткен қызметі үшін” берілген сыйақы болған. Осы деректің өзі-кеңестік салық қысымынан құтылу үшін қолданылған амалдардың қаншалықты күрделенгенін көрсетеді.

Ахимбеков Байлар: екі әйел алған, 1927 жылы үшінші рет үйленіп, Томинов болысынан келген қыздың қалыңмалына 150 бас ірі қара және 250 рубль төлеген. Ұлы Даттыбек те дәулетті отбасы өкілі ретінде: екі әйел алған, Ақжар болысынан алған келінінің қалыңмалына 1500 рубль төлеген.

Бұл деректер-бай әулеттердің дәстүрлі әлеуметтік мәртебесін сақтап қалуға тырысқанын байқатады.

Бабашев Дарбызбек: саяси ықпалы жоғары, билікке қарсы тұрған бай

Яны-Қорған ауданының №1 ауылында тұрған Бабашев Дарбызбек (32 жас) – жас болса да, өңірдің аса дәулетті және ықпалды тұлғаларының бірі саналған. Оның шаруашылығы: 3100 бас ұсақ мал, 90 бас ірі қара, 20 десятина егін, 20 жалдамалы жұмысшы (батрак).

Архив материалдары Дарбызбекті: Совет өкіметіне ашық қарсы, батрактар мен кедейлерді қанаушы, өз ықпалын күшейту мақсатында халықты топтастырушы, партиялық және кеңестік аппаратқа өз адамдарын өткізуге тырысқан тұлға ретінде сипаттайды.

Ол өзінің байлығына сеніп: «Мені ешкім жазалай алмайды, ақша бәрін шешеді» деп кедейлерді қорқытып, шағымдар жолданса да «ешқайда жетпейді» деп сендіріп жүрген.

Дарбызбек: салық төлеуден бас тартқан; милиция талабына қарсы шығып, күш көрсеткен; шабындық пен егіндік жерлерді қайта бөлуге үзілді-кесілді қарсы болған.

Бұл әрекеттері оның кеңестік жүйе үшін “қауіпті элемент” қатарына енуіне себеп болды.

Баелев (Паелев) Мұстафа: Аулие-Ата өңірінің дәулетті әулет өкілі

Аулие-Ата ауданынан шыққан Мұстафа Баелев (Паелев)-дәстүрлі мал шаруашылығын берік ұстанған, белгілі бай әулеттерінің өкілі. Ол: қазақ, бай, мал шаруашылығын кәсібіне айналдырған, белгілі бай Паеля Бессеевтің ұлы деп көрсетіледі.

Әулеттің дәулеті бірнеше буынға ұласқан, ал Мұстафа сол әулеттің экономикалық негізін жалғастырған тұлға болған. Архив материалдарында оның нақты мал көлемі көрсетілмегенімен, «бай» ретінде арнайы тіркелуі – оның ірі шаруашылық иесі болғанын айғақтайды.

Байбеков Қошубек: Мерке мен Аспара арасындағы ықпалды, бірақ қатал мінезді бай

Меркен ауданының Аспара болысындағы №5 ауылда тұрған Қошубек Байбеков (30 жас) – жас болса да, аймақтың ең дәулетті малшыларының бірі саналған. Оның иелігіндегі мал саны: 2000 бас қой, 150 бас ірі қара.



Мұндай көлемдегі шаруашылық бірнеше ондаған жалдамалы жұмысшыны қажет ететін. Алайда архив деректері Қошубектің: батрактарды қанағанын, еңбек ақыларын төлемей қойғанын, өз құқығын талап еткен батрак Ахметовті ұрып-соққанын ашық көрсетеді.

Бұл дерек-бай-кедей арасындағы әлеуметтік шиеленістің Меркен өңірінде де қатты болғанының айқын дәлелі.

Байгүбеков Байқұнғыр: Қызылқұмдағы қуатты топтардың белсенді мүшесі

Қызылқұм ауданындағы №16 ауылда, бұрынғы Көктөбе болысының «Пстелі» қонысында өмір сүрген Байқұнғыр Байгүбеков-жартылай көшпелі шаруашылықтың ең ірі өкілдерінің бірі. Оның мал-мүлкі: 70-тен аса ірі қара, шамамен 4000 қой-ешкі.

Бұл көлем-Қызылқұм өңіріндегі орта және ірі байлардың алдыңғы қатарында тұрғаны анық. Архив құжаттары Байқұнғырды: «Қызылқұм топтарының» белсенді мүшесі, болыстық қайта сайлау науқанының бұзылуына қатысушы ретінде сипаттайды.

Бұл топтар кеңестік әкімшілікке қарсылық көрсетіп, саяси ықпалын сақтап қалуға тырысқан дәулетті топтар еді. Байқұнғырдың осындай топтарға қатысуы-оның өңірдегі беделінің жоғары болғанын білдіреді.

Байляров Таттыбек: дәулетті әулеттің мұрагері

Қараспан ауданының №8 ауылынан шыққан Таттыбек Байляров-өңірге белгілі бай Ахимбеков Байляровтың ұлы. Әкесі өз заманында мал жасыру ісіне қатысқан күрделі шаруашылық иесі ретінде танылған болса, Таттыбек те сол дәстүрді жалғастырған.

Архив деректерінде Таттыбек: қазақ, бай, мал шаруашылығымен айналысқан, ірі әулеттің мұрагері ретінде сипатталады. Оның шаруашылығының нақты көлемі көрсетілмесе де, әкесінің мыңдаған қойы мен ірі қарасы болғанын ескерсек, Таттыбек те сол байлықтың маңызды бөлігін басқарғаны анық.

Таттыбектің есімінің тәркілеу тізіміне арнайы енгізілуі оның өңірдегі дәулетті топ өкілі ретінде кеңестік билікке назарға алынғанын дәлелдейді.

Байсеитов Баель: Мерке өңіріндегі ықпалды, саяси белсенді бай

Мерке ауданының Асин болысына қарасты №11 ауылында тұрған Баель Байсеитов-Сырдария округінің ең беделді әрі саяси ықпалы жоғары байларының бірі. Оның шаруашылығы өте үлкен болған: 954 қой, 148 бас ірі қара, малдың бір бөлігін салықтан жасырып, туысы Сабир Бах-

тыбаевтың үйінде ұстап отырған; 4 батрак жалдаған.

Баель тек дәулетті ғана емес, ықпалды да болған. Архив құжаттары оны: патшалық дәуірде бірнеше жыл волостной управитель ретінде кедейлерді қанаған, өсімқорлықпен айналысып, пәлендей мөлшерде бидайды екі есе қайтарыммен берген, кеңестік кезеңде кедейлерді ақша беріп сатып алып, өз адамдарын Советтерге өткізген, 1926 жылғы жер реформасы кезінде антисоветтік үгіт жүргізіп, тіпті ұлттар арасындағы араздықты қоздырған, жергілікті билік оны жауапқа тартпақ болғанда қашып кеткен деп сипаттайды.

Бұл деректер Баель Байсеитовтың тек шаруашылық иесі ғана емес, аймақтың саяси өмірінде ықпалды тұлға болғанын көрсетеді.

Баймұхамед Балапанов: Қызылқұмдағы «шешімді адам»

Қызылқұмның №15 ауылында тұратын Баймұхамед Балапанов-сол өңірде бір кезде айтқаны өтетін, төрелік айтатын, ежелгі ықпалды билердің соңғы өкілдерінің бірі еді.

200-ге жуық ірі қара, 600-ден астам ұсақ мал, бірнеше жалданбалы жұмысшы-осының бәрі оның шаруашылығының үлкендігін ғана емес, қоғамдағы салмағын көрсететін.

Баймұхамед бұрынғы патшалық кезеңде би қызметін атқарған. Халық арасындағы даулы істерге үкім шығарып, ауыл ішіндегі оқиғалар оның келісімінсіз шешілмейтін болған. Дегенмен, кедей-көпшікті «тәртіпке салуы» көбіне қаталдыққа ұласқан.

Жаңа жүйе келген соң ол бірден «сенімсіз тұлғалар» тізіміне енгізілді. Архив деректері бойынша: 1921 жылы Түркістан Республикасынан жер аударылуы тиіс болған; дегенмен руластарының жоғары қызметтегі өкілдерінің көмегімен жауапкершіліктен құтылған.

Баймұхамед қоғамдық оқиғаларға араласа берді. Ол: қарақалпақтардан құн өндіру ісінің бастамашысы, қайтыс болған волостной управитель Турабаевқа берілетін ас ұйымдастыру кеңесінің жетекшісі, шығынды түгелдей кедейлерге жүктеуді ұсынған адам ретінде де аталады.

Қызылқұмдағы топаралық тартыстарда да оның белсенді рөл ойнағаны анық.

Бисембий Балғабаев: Чаяндағы құпия ықпал иесі

Сырдария округінің Чаян ауданындағы №20 ауылдың ірі байларының бірі-Бисембий Балғабаев. Оның мал-мүлкі: 200-ге жуық ірі қара, 3800-ге жуық қой-ешкі. Соның 80 пайызы салықтан жасырылғаны туралы мәліметтер бар.

Бисембийдің шаруашылығы тек малмен шектелмеген. Ол: халыққа жоғары пайызбен қарыз берген, бидайды қарызға беріп, екі еселенген

қайтарым талап еткен. Бұл-ауыл арасындағы әлеуметтік жіктеуді күшейткен әрекеттердің бірі.

Чаян өңірі рулық-тайпалық құрылымын қатты сақтаған аймақ болатын. Сол құрылымда Бисембий-ықпалды байлардың бірі ретінде танылды. Алайда ол кеңестік органдармен жұмысты ашық емес, жасырын түрде жүргізген.

Архив деректері бойынша, ол: бұрынғы волостной басқарушылар мен артықшылықты тап өкілдері құрған астыртын топқа қатысқан, кеңестік аппаратқа ықпал етуге тырысқан, ауылдағы патриархалдық тәртіпті сақтап қалуға күш салған.

Бисембий кеңестік жүйемен ымыраға келмегенімен, әрекеттерін жасырын жүргізуге тырысқан-бұл оның жаңа билікпен қарым-қатынасының күрделілігін көрсетеді.

Балпиков Сағатбек: саяси шиеленістің ортасында қалған жас бай

20 жастағы Сағатбек Балпиков-Сырдария округінің Бадам болысына қарасты №14 ауылында өмір сүрген, дәулетті шаруашылық иесі. Ол ағасы Заитбекпен бірге: 200 бас ірі қара, 6000 бас қой ұстаған.

Ол-белгілі бай және ишан болған Балпик Ниязбековтың ұлы. Әкесі «контрреволюциялық» әрекеттері үшін» ОГПУ шешімімен Оңтүстік Оралға айдалғаннан кейін, Сағатбек отбасының мүддесін қорғау мақсатында белсенді әрекетке көшкен.

Архив деректерінде Сағатбектің ауылда комсомол ұясы құрылғанда: оны тек бай балалары мен туыстарынан жасақтауға қатысқаны, өзі сол ұйымның хатшысы болып сайланғаны, комсомол ұйымын ауылдағы ВКП(б) ячейкасына қарсы күш ретінде пайдаланғаны көрсетіледі.

Сағатбек кейбір коммунистермен жеке қақтығыстарға да түскен. Таджиев атты белсендіге қарсы түнде мылтықпен оқ атылғаны жөнінде күдік оның есімімен байланыстырылған.

Сырдария ауылшаруашылық техникумына түсу үшін ол өзін батрак ретінде таныстырып, шын тегін жасырып, Ниязбеков деген фамилиясын Балпиков деп өзгерткен.

Архив материалында оның бұл әрекеті: өз жағдайын жеңілдету, байлардың баласы ретінде бақылауға алынудан қашу, саяси ұйымдарға еркін кіру мақсатында жасалғаны айтылған.

Әкесінің айдалуына наразы болып, Сағатбек Мәскеудегі ОГПУ-ге: жергілікті белсенділерді «жеке кекпен әрекет етті» деп айыптап, жалған арыз жіберген.

Ол арызын күшейту үшін ауыл тұрғындарынан және кей коммунистерден бірнеше жүз қол жинаған.

Балтаев Зайсан: дәстүрлі шаруашылықтың ірі өкілі және жаңа талаптарға бейімделмеген бай

Мерке өңірінің №11 ауылында тұрған Зайсан Балтаев (70 ж.)-ірі мал иесі, бірнеше әйел алған дәстүрлі бай-шаруалардың бірі.

Оның шаруашылығы: 1500 қой, 80 бас ірі қара, 4 батрак.

Зайсан батрактармен: ешқандай еңбек шартына отырмаған, еңбекақыны өз қалауымен белгілеген, кейбір еңбеккерлерді төлемсіз жұмыс істеткен.

Мәселен, батрак Жұмабаев Таукембайдың жалақысын төлемей, жұмысынан босатқан.

Салық көлемін азайту үшін ол малдың белгілі бір бөлігін кедейлер мен туыстарының атына рәсімдеп отырған. Бұл-сол кезеңде жиі кездесетін практика.

Зайсанның әрекеттері кеңестік нормативтерге сәйкес заң бұзушылық деп саналғанымен, ауыл ішіндегі беделіне байланысты ол ұзақ уақыт жауапқа тартылмаған.

Қазыбағар Батырбеков: Қызылқұмдағы топтық күрестің белсенді қатысушысы

Қызылқұм ауданының №20 ауылында, «Көк-Төбе» атты жерде тұрған Қазыбағар Батырбеков-жартылай отырықшы өмір сүрген, үлкен шаруашылық иесі.

Оның малының көлемі: 60 бас ірі қара, 3500 бас қой-ешкі.

Шаруашылықты жүргізуде ол бірнеше батракты, сондай-ақ айнала-сындағы кедейлерді жұмысқа тартқан. Бұл-малды ірі көлемде ұстайтын дәстүрлі бай шаруашылықтарының типтік көрінісі.

Архив деректері Қазыбағарды: Қызылқұмдық байлар тобына (группировка) қатысушылардың бірі ретінде көрсетеді.

Бұл топтар кеңестік төменгі буын органдарына ықпал етуге тырысқан.

Олар: ауылдық және болыстық аппаратқа өз адамдарын өткізу, әкімшілік шешімдерге әсер ету, кедейлер комитеттерімен күресу сияқты әрекеттермен айналысқан.

Құжаттарда көрсетілгендей, бұл топтың 14 жетекшісі тұтқындалып, істері ОГПУ коллегиясына жіберілген. Қазыбағар сол топтың құрамындағы ықпалды тұлғалардың бірі болған.

Ордыбек Батырбеков: конфискацияға іліккен Бадам өңірінің байы

Сырдария округінің Бадам ауданынан шыққан Ордыбек Батырбеков — мал шаруашылығымен айналысқан дәулетті бай.

1928 жылғы ірі байларды тәркілеу науқаны кезінде: оның мал-мүлкі конфискацияланып, өзі жер аударылған.

Бұл-жаңа режимнің ауылдағы ықпалды топтарды толықтай әлсіретуге бағытталған саясатының нақты көрінісі.

Ордыбектің балаларының тағдыры да архивте көрініс тапқан: Ноғай Батырбеков-ВКП(б) мүшесі, Алматы округінде кеңестік қызметте жұмыс істеген; Тойчибек Ордыбеков әкесінің жанында болған.

Бұл деректер Ордыбек әулетінің бір бөлігі жаңа жүйеге бейімделуге тырысқанын, ал екінші бөлігі саяси қуғынға ұшырағанын көрсетеді.

Мамбетали Бегімбетов: Кенже-Гүл ауылындағы ірі мал иесі және астық алыпсатарлығымен әйгілі тұлға

Келес ауданының №6 «Кенжеғұл» ауылында тұрған Мамбетали Бегімбетов (1868 ж.т.)-аймақтың ең ауқатты және ықпалды байларының бірі. Оның шаруашылығы бірнеше бағытта дамыған: 2000-нан астам ұсақ мал, бірнеше жалданбалы жұмысшы, жартылай отырықшы тұрмыс, 3000 пұтқа дейін астық қоры-бұл аймақтағы ең ірі астық иелерінің бірі болғанын көрсетеді.

Архив материалдары Мамбеталидың: астықты күзде емес, көктемде, баға көтерілген кезде сату үшін ұстап отырғанын; бұл әрекетінің жыл сайын қайталанғанын айтады. Бұл-сол кезеңдегі алыпсатарлықтың типтік үлгісі.

Салық органдары оның жасырып қойған малын анықтағанымен: іс оның байланыстарының әсерімен тоқтатылған.

Бұл-дәстүрлі ауқатты әулеттердің билікпен ымыра жасай алғанының бір мысалы.

1928 жылғы тәркілеу кезінде Мамбетали Бегімбетов: барлық мүлкінен айрылып, өзі, отбасы және бөлек тұрған үлкен ұлы Нұрсейттің жан-жұртымен бірге Урал округіне жер аударылған.

Жалпы жер аударылғандар саны-16 адам. Олар Зауралье ауданындағы №3 ауылға орналастырылған.

Ұлы Нұрсейт Бегімбетов (1897 ж.т.)-1926 жылдан бері жеке шаруашылық иесі болған.

Уразбай Бегімбетов: атқамінер әрі орта шаруашылық иесі

Келес ауданының №16 ауылынан шыққан Уразбай Бегімбетов-аймақта белгілі атқамінер, мал шаруашылығымен айналысқан бай.

Оның иелігі: 21 бас ірі қара, 1300 бас қой-ешкі, 8 десятина суармалы жер.

«Атқамінер» деп көрсетілуі-оның ауылдағы әкімшілік және қоғамдық мәселелерге араласқанын білдіреді. Ол тек мал иесі емес, ауыл ішіндегі шешімдерге ықпал еткен тұлға болған.

Уразбай: малды негізгі табыс көзі еткен, суармалы егіншілікпен де айналысқан, ауылдағы орта және ірі шаруалар қатарында тұрған.

Мамбеталимен салыстырғанда оның шаруашылығы кіші болғанымен, Келес өңіріндегі ықпалы аз болмаған.

Басымбек Бегманов: Қызылқұмдағы ықпалды дәулеттілердің бірі

Архив деректеріне қарағанда, Басымбек Бегманов Қызыл-Құм ауданының №16 ауылында өмір сүрген, жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізген ауқатты бай болған. Оның қолында 3000-нан астам ұсақ мал болғаны көрсетіледі. Шаруашылықты жүргізу үшін бірнеше жалдамалы жұмысшы (батрақ) ұстаған.

Кеңес өкіметінің құжаттарында ол «Қызыл-Құм топтарының белсендісі» ретінде сипатталады. 1920-жылдардың ортасында Шардара каналы құрылысына жұмысшылар жіберу науқаны кезінде қарсы үгіт жүргізді деп айыпталған. Сол себепті «мақта егіс науқанын бұзуға себепкер болды» деген саяси айып тағылған.

Сонымен қатар ол ауылдық кеңестердің съездеріне қатысып, волостық атқару комитетінің (ВИК) президиумына сайлауда өз ықпалын жүргізді деп көрсетіледі. Тәркілеу жөніндегі өкімет комиссиясы бұл әрекеттерді «кеңес органдарының жұмысына кедергі келтіру» деп бағалаған.

1928 жылдың қазанында Басымбек Бегманов 8 адамнан тұратын отбасымен бірге Урал округіне жер аударылды.

Оспанбек Бектенов: мал шаруашылығымен айналысқан, ықпалды әулет өкілі

Бектенов (Устанбек) Оспанбек — Аспарин болысының №16 ауылы, Мерке ауданының тұрғыны. 34 жасында-ақ аймақтағы ауқатты мал иелерінің бірі болған. Оның шаруашылығында: 1500 бас қой, 109 бас ірі қара бар екендігі құжаттарда тайға таңба басқандай көрсетілген.

Оспанбек те жалдамалы жұмыскер ұстаған және «кедейлерге астықты жоғары өсіммен қарызға берді» деген айыппен сипатталады. Әкесінің бұрынғы волостық управитель болғаны, патша үкіметінен марапаттар алғаны да арнайы көрсетіліп, оның «әлеуметтік қауіпті адам» ретінде танылуына себеп болған.

Бектенов те жергілікті халық арасында үлкен беделге ие адам болғаны айтылады. Кеңестік жүйе үшін дәл осындай ықпалды тұлғалар «тап жауы» ретінде қарастырылды.

Ол да 1928 жылы отбасымен бірге Урал округінің Сламихин ауданына жер аударылды.

Бектурғанов Абдукалық - малы мол, батрақ еңбегін пайдаланған дәулетті бай

Янги-Джанжал ауылының тумасы, дәулетті қазақ Бектурғанов Абдукалық жартылай көшпелі өмір сүріп, негізгі күнкөрісін мал шаруашылығынан тапқан. Конфискацияға дейін оның қолында 300-ден астам ірі-ұсақ мал және 3 десятина мақта егістігі болған. Шаруашылығында 6 батрақ тұрақты еңбек еткен.

Архив деректерінде Абдукалықтың ауылдағы беделді, дәулеті тасыған адам болғаны, ағасы Абдурахманмен тығыз байланыста шаруашылық жүргізгені көрсетіледі.

Бектурғанов Абдурахман-жер мен малын сақтап қалу үшін айла қолданған бұрынғы

қазый

45 жастағы Бектурғанов Абдурахман да Янги-Джанжал ауылының атақты байларының бірі болған. Оның мал-мүлкі туған өлкесінде өзгелерден айқын ерекшеленді: 400 бас ірі қара, 4000 бас қой-ешкі, сондай-ақ 150 десятина жері болған. Бұл жерді ол тәркілеу басталғанда туыстарының атына бөліп шығарып, жасырған.

Бұрын қазый қызметін атқарған Абдурахман ауыл саясатына да белсенді араласқан.

1927 жылғы Советтерге қайта сайлау кезінде ол 26 беделді ақсақалды жинап, аулсоветтің өзгермеуі жөнінде келісім жасайды. Нәтижесінде өз туысы Досқараевты қайтадан төраға етіп қалдырады.

Сол жылы шабындық жерді қайта бөлу науқаны алдында батрактарды жинап, жерді «уақытша» бөліп беремін деп алдап, реформадан кейін қайта өзіне қайтарғын алады.

Кедейлерге: «Жерді өздерің игере алмайсыңдар, мемлекет бәрібір байдан тартып алмайды, өйткені жерді Құдай байларға берген» деп насихат жүргізген.

Досқараевтың көмегімен 700-дей малын салықтан жасырып қалған.

Өсімқорлықпен, астық алып-сатумен айналысқан.

Малын әр жерде жасырын бақтырған: Қызыл-Құм волостындағы жайылымдарда, «Алқакөл» аулында Назар деген адамда оның плугу, бричкасы секілді техникалары сақталған.

Шаруашылығында көптеген жалдамалы жұмысшы ұстап, 100 десятинадан астам егісті өз иелігінде ұстаған.

Бидашев (Бедашев) Сердалы - ірі мал ұстаған бай, ВЛКСМ мүшесі ұлын тәрбиелеген дәулет иесі

Яны-Қорған ауданының тұрғыны Бидашев Сердалы-мал шаруашылығымен айналысқан дәулетті қазақ. Кеңес өкіметі тұсында жүргізілген тәркілеуге дейін оның қолында ірі қараға шаққанда 205 бас мал болған. Бұл-өңірдегі ірі шаруашылықтардың бірі саналды.

Архив деректерінде Сердалының отбасында заман талабына бейімделген жаңа буын өсіп келе жатқаны байқалады: оның ұлы Нұржигіт Бидашев-ВЛКСМ мүшесі, яғни кеңестік жастар ұйымының белсендісі.

Буралкиев Мыртаза - «Ұлтқи» кооперативінің негізін қалаған шебер сыр өндірісшісі

Әулие-Ата өңірінің тумасы, бай Сұлтанбек Буралкиевтің ұлы Мыртаза Буралкиев — қазақ даласында сирек кездесетін кәсіп — сыр өндіру ісінің білікті маманы болған.

1926 жылы ол «Ұлтқи» атты кооперативтік артель ұйымдастырып, өзі әрі төраға, әрі бас маман қызметін атқарған. Қазақ қоғамында кооперация қозғалысы енді ғана қарқын ала бастаған кезеңде мұндай өндірістік бірлестік құру — ықпалды, жаңашыл тұлғалардың ісі еді.

Алайда кеңес билігінің «бай-құлақтарды жою» науқаны бұл отбасының тағдырын күрт өзгертті. Конфискациядан кейін Мұртаза әкесімен және 11 адамнан тұратын бүкіл отбасымен бірге Урал округінің Заречный ауданына жер аударылды.

Бушаев Абдувалий - дәулетті отбасының перзенті, ауылдық егіншілікке қайта оралған байдің ұлы

1909 жылы туған Бушаев Абдувалий — Аулие-Ата қаласының маңындағы Иски-Талас болысының бай әулетінен шыққан. Әкесі — атақты бай Бушай Мойнақов.

Отбасы он жыл бойы Аулие-Ата қаласының Анди атты қонысында тұрып келген. Бұл-дәстүрлі көшпелі өмірден қалаға бейімделген кезеңнің көрінісі. Алайда 1927 жылдан бастап Абдувалий туған ауылы №9 Иски-Талас волостіне оралып, егіншілікпен айналыса бастайды.

Іесі көп жері мен малы болған атақты бай Бушайдың балалары — Абдувалий мен Бакий — жаңа дәуірде де шаруашылық жүргізуге талпынғанымен, кеңестік саясат

олардың өмірін түбегейлі өзгертті.

Бушаев Ибраим - мал мен жерді қатар игерген дәулетті әулеттің өкілі

Иски-Талас болысының №9 ауылының тумасы 44 жастағы Бушаев Ибраим — ұзақ жылдар бойы өз шаруашылығын дербес жүргізген бай. Ол 1912 жылдан бастап жеке қожалық ашып, мал шаруашылығы мен егіншілікті қатар дамытқан.

Архивтік құжаттар бойынша оның қолында: 76 қой, 19 ешкі, 3 ірі қара, 11 жылқы болған.

Кеңес өкіметі жүргізген тәркілеу науқаны кезінде Ибраим өз әулетімен бірге қудалауға ұшырап, 6 адамнан тұратын отбасымен, әкесі Мойнақов Бошаймен, сондай-ақ бауыры Бушаев Ибраим (аттас) мен олардың отбасыларымен бірге Урал округінің Заречный ауданына күштеп көшірілді.

Ғаипов (Қаипов) Әли- үлкен ру ішіндегі беделін сақтауға ұмтылған атақты бай

Чаян ауданының №16 ауылында тұрған Ғаипов Әли-Шалдар руынан тараған, текті әулеттің бай мүрагері. Оның дәулеті ел ішінде кең танылған: 200-ге жуық ірі қара, 1300-ге тарта қой-ешкі ұстаған.

Бұл малдың 80 пайызы салықтан жасырылғаны архивтік құжаттарда көрсетілген.

Әли ел ішіндегі ықпалы жоғары, «ата-бабадан қалған бай» саналған тұлға болған. Ол Чаяндағы байлар тобына — Шарикбек Батырбеков жетекшілік еткен топқа қатысқан. Бұл топ ауылдағы патриархалды-рулық қатынастарды сақтап қалуға және кеңестік төменгі кеңес аппаратын өз ықпалына алу үшін күрес жүргізген.

Дауренбеков (Дауленбеков) Иралихан - малын да, адамгершілігін де сақтаған қайырымды бай

Қаратау ауданының Сауқ-Бұлақ ауылында тұрған Иралихан Дауренбеков — ықпалды әрі дәулетті байлардың бірі. Ол жартылай көшпелі шаруашылық жүргізіп, бірнеше батрақ ұстаған. Оның қолындағы мал саны да біршама: 436 қой, 22 жылқы, 10 сиыр, 5 түйе.

Архив деректері оның адамгершілігі мен қайырымдылығын да атап өтеді: ашаршылық жылдары Иралихан аулындағы кедейлерге астық таратып, аштан қырылмауына көмектескен.

Жұбайы — Көштікова Зарқұла, 9 баласы болған. Алайда тәркілеу кезінде бұл үлкен әулет те қуғын-сүргіннен құтылмай, Урал округінің Заурал ауданына күшпен жер аударылған.

Джандыбеков Ақай - малын Самарқандқа дейін айдап барып сатуға мәжбүр болған Қызылқұм байы

55 жастағы Ақай Джандыбеков — Қызылқұм ауданының №16 ауылының атақты дәулетті адамы. Полукөшпелі өмір сүрген оның шаруашылығында: 40 бас ірі қара, шамамен 3000 бас қой-ешкі болған.

Ақай бірнеше батрақты еңбек шартысыз жұмысқа салғаны үшін 1928 жылдың 6 тамызында сотқа тартылып, малды заңсыз айдап әкеткені үшін айыппұл салынған.

Алдағы тәркілеу туралы білген соң, ол малын аман сақтап қалу мақсатында Самарқандқа дейін айдап барып, жаппай сатып жіберуге тырысқан. Сонымен бірге ол Қызылқұм байларының белгілі саяси топтарына қатысып отырған.

1928 жылдың күзіне қарай оның иелігінде әлі де: 700–790 қой, 3 түйе, 1 жылқы болған.

Нәтижесінде Ақай Джандыбеков Урал округіне күштеп жер аударылды. Оның ұлдары — Айбек және Байбек Акаевтар да бұл қуғыннан сырт қалмаған.

Самат Жұматайұлы, Жас ғалым, Қазақстан және Орталық Азия тарихын зерттеу институтының бас директоры. (Жалғасы бар).

Ардақты жан, батыр аға



Желтоқсан ардагері Бидәулетов Ержан ағамды сыртынан жақсы білемін. Бір жолы мектеп қабырғасында жүргенде Ержан ағамен кездесу кеші болды. Сонда ағам; - Мен ол кезде В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының 3 курс студенті болатынмын. Дүбірге толы 1986 жылдың 16-желтоқсаны күнікешкісін біз тұратын жатаханамаңы абыр-сабыр болып, топтасқан адамдар дискуссия құра бастады. Не болғанын түсінкірмей жиналған топқа жақындадым. Сөйтсем КОКП ОК Пленумы болып, онда Д.А.Қонаевты орынан босатып, орнына Г.В.Колбиннің келгені жөнінде, неге бір қазақтың табылмағанына, өзге ұлт өкілі болса да неге Қазақстаннан шықпағанына күйінген, ащы пікір-талас, қызу қанды ұйымдасқан әңгімелер жүріп жатыр екен. Өзім тұратын бөлмеге барып, бірге тұратын Миятбек деген досымды ертіп, көшеге шықтық. Көше бойындағы дауыс күшейткіштен хабарламалар жүріп жатты. Біз досымыз екеуміз Л.И.Брежнев алаңына қарай аяңдадық, не болғанын білейік, көрейік деген оймен әр-әр жерде топтасқан адамдарға ілесіп алаңда біраз жүріп қалдық. Сонда байқағанымыз, бүкіл қазақ болып, өз намысымызды таптатпай, ертең алаңға шығайық, ойымызды ашық айтайық, деген мақсатпен жатын орнымызға келдік. Жолшыбай АЗВИ-институтының жатаханасының артында топтасқан нөпір халық бір әскери машинаны аударып тастады. Содан ары қарай жылжып, алаңға жақындай бастадық. Адамдар лық тола жиналған екен. Трибуна алдына шығып сөйлеп жатқандар бар. Халықтың көптігінен ол жерге жақындап бара алмадық. Толып жүрген сақшылар,

есепсіз келіп жатқан нөпір халық. Лозунга, плакат ұстаған көпшілік. Онда В.И.Лениннің сөздері жазылған: «Әр халықтың өз көсемі бар!», Шәмші Қалдаяқовтың: «Менің Қазақстаным» әнін шырқап тұрған қалың қазақ. Ойымыз сансаққа жүгіріп, тұла бойымыз дегбіршіп, намысымыз оянып, өзгеше бір күй кештік. Дүние аласапыран болып кеткендей болды. Мұхит деген боксер жігітіміз резина шоқпар, қалқан ұстап тұрған милицияны ұрып-құлатқанда қоршау бұзылып, қалың нөпір халық алға қарай өнтелей бастады. Ол кезде сырттан жасақтар әкелініп, қалайда ереуілді болдырмай, халықты жаншып-таптап таратып жіберу мақсатында іс-шаралар жүргізіліп жатқанын біз әрине, кеш түсіндік. Он жетінші желтоқсан күні түнде Көркемсурет институтында оқитын Мұхтар ағама барып, жағдайын білейін дегенімде, олардың да алаңнан келіп отырған тұсы екен. Лозунга-плакаттар, жазба жұмыстары, сол Виноградова көшесінде орналасқан көркем-сурет институтының студенттерінің жатаханасында жазылып, дайындалғанын кейіннен естіп білдік қой. Жатаханаға барсам бүкіл институттың мұғалімдері, декан, проректорға шейін коменданттан тізім бойынша адам санын түгендеп жатыр екен. Ішке кіргізді де, сыртқа шығуымызды қатаң бақылауларында ұстады. Дегенмен іштегі алай-түлей сезімдер, бұрын-соңды көрмеген мұндай оқиғалар мазаны алып, түйіткілге түрлі ой сала берді. Жатахана ішіндегі студенттер екінші қабаттың арт жағындағы қоймаға секіріп, тағы да алаңға қарай жылжыдық. Түс ауған шақ. Жаппай қуғын-сүргінге ұшыраған халық, бүкіл көше-көшені қаптап кеткен милиция жасақтары, халық жасақшылары, қудаланған халық аяусыз жаншыл тапталып жатты. Жан түршігерлік көріністер, естемәңгі бақи сақталып қалды. Қуғын-сүргіннің жаңа бір науқаны басталды. Үш айға созылған тергеу жұмыстары әбден шаршатты, жүйкемді мазалады, деп тебірене әңгіме айтқан еді. Желтоқсанның 40 жылдығы қарсаңында батыр ағамыз туралы аудандық басылымға арнайы жолдап отырмын.

Айдос СЕЙІТБЕК,
Аудандық архивтің
қызметкері.

Қарақұр ауылына жақындағанда Гүлнәрге қоңырау шалдым.

—Гүлнәр, біз ауылға келдік. Сен мектепке келе бер! Ескермес ағайға да хабарлас, кеше келетінімізді ескертіп қойғанмын,-дедім. Қарақұр жалпы орта мектебі алдында тоқайластық. Кешегі желтоқсан аясында саясаттың салқынына тоңған қыздардың бірі осы Гүлнәр бауырымыз болатын. Біреудің тұмсығын бұзып, басын жарып, қолын шығармаса да алаңда жүріп милиция қызметкерлерінің құрығына ілігіп, құрбандыққа айналып кете барған қайсар қызымыз осы Гүлнәр. Қазақ жастарының бас көтеруі саналы



палы қызыл туын» үш жыл қатарынан қолдан шығармай отыр еді. Совхоз көрсеткіші осылай болған соң мені партия қатарынан шығара алмады, қатаң сөгіс алдым. Жасымыздан пионер, комсомол, партия тәрбиесінде, сөз етілмей, адал еңбекпен келе жатқан маған бұл өте ауыр тиді. Танитын ел мені кінәлі емес екенімді білді, дұрыс қарады.

Сол баяғы ерте тұрып, кеш жататын жұмысымды тастамай жалғай бердім. Тәуелсіз еліміздің жастарына білген ақылымды айтып отырамын. Олардың келешегі қандай көркем десеңізші! Өтер іс өтті, енді Алла жар болсын!-деген еді

Бұралан тағдыр бұрылыстары

түрде еді. Мұнда сол уақытта «нашақор», «бұзақы», деген жаламен қара күйе жағылған болатын. Мың күн тұрған шыны, бір-ақ күнде сынды. Шиканның сыздаған жарасы жарылды.

-16-17 желтоқсан күндері біз ешқайда шықпай өз жатақханамызда болдық. Ал 18 желтоқсан күні оқу корпусының 2-ші этапында сабақ өтіліп жатқан. Терезе тұсында жастардың дауысы естіліп жатты. Терезеден қарасақ студенті бар, жұмысшы жастары бар шеруге бет алған жүз қаралы жастар «шығындар, алаңға барамыз!»-деп тұр екен. Алайда бізде бақылау күшті болды да сабақтан түскі сағат 1-ден өте шығып, тамақ ішіп алайық деп жатақханамызға келдік. Қасымда Сәуле есімді құрбым бар. Алаңға келгенімізде алаң лық толып, таситын қазандай көпіршіктеніп, ернеуінен асып, дүрліуге дайын тұр екен. Шетте тұрған бір қызды орыс ұлтты милиционер қолынан шап беріп сүйрей жөнелуі сол-ақ екен алаң осы сәтті күтіп тұрғандай дүрлігіп ала жөнелді. Содан алапат басталып кетті. Қасымда Сәуле жоқ. Әне, бір шетке қарай бір жағалы жөнет дырылдатып сүйретіп бара жатыр. Сәуле жер тырмалап, далбасалап: Гүлнәр! Мені құтқар, олар өлтіреді!-деп жаншыра шыңғырып сүйретіліп бара жатыр. Мен арашаламақ болып ұмтылғанымды білемін одан әрі не болғанын есімде жоқ. Ауыр соққыдан естен танып қалдымда есімді камерада ғана жинадым. Екі күнгі тергеу екі жыл көрер азаптай болды. Ұйқы жоқ. Енді көзім іліне берсе тергеуге алып кетеді. Кезек-кезек әркім бір діңкелетіп тергей берді. «Сендерді кім алаңға бастап барды?», «Алаңға шығуға үгіттеген адамдардың атын айтыңдар!», «Қай жерде ақылдасып отырдыңдар?» деген біркелкі сұрақты жүз құбылтып сұраумен болды. Екі күн өткен соң түн ішінде босатты. «Ешқайда бұрылмайсыңдар, арттарыңа қарамайсыңдар»-деп қатаң ес-

кертті. Өз-өзімізге сенбейміз. Екеуміз жатақханаға жеткенше тіпті бір-бірімізбен сөйлесуге қорықтық. Жаппай құдалау басталып, мен жатақханадан да, оқудан да шығарылдым. Ең сорақысы ауылда болды. Ауданға хабар келіп қойыпты. Әкем Есенқұлов Айтбек Ф.Энгельс атындағы кеңшардың директоры болатын. Әкемді совхоз директорылығы қызметінен босатып, «қызына теріс тәрбие бергені үшін» деген қаулы қабылдап, партиялық қатаң сөгіс берді, деп өткен жылдарын көзіне жас ала отырып әңгімелеген Гүлнәр қиындықты жеңе білген қайсар қыз еді. Осы тұста Гүлнәрдың әкесі марқұм Айтбек көкеміздің де айтары бар еді.

-Алматыдағы дүниені дүрсілкіндірген оқиға ауылға оңай тимеді. Біреудің ұлы, біреудің қызы Алматыда оқып жатты. Олармен хабарласатындай байланыс жоқ. Балаларын уайымдаған ата-аналардың қабағы салыңқы болды. Мен ол кезде бұрынғы Энгельс атындағы совхоздың директоры едім. Болашағынан зор үміт күтіп отырған шынашақтай қызымның оқуынан босап келгенінде қабырғам қайысты. Оқуы да, тоқуы да құрысын ең бастысы аман келгендігі деп ойлады. Бірақ қызыма жабылған жала, өзіме келген абыройсыздық жаман болды. Көшеге шығып жұрттың бетіне қарау мұң болды. Қызымның ойы бөлінсін деп кеңшардың құрылыс бөліміне жұмысқа қабылдадым. Сыпсың әңгіме көбейе түсті. Аудандық ішкі істер бөлімі қатаң бақылауына алды.

Жастардың көпшілік орындарына қосылуына тиым салынды. Сонда да қызым мұңайған жоқ мен оған риза болдым. Әділдік жеңетініне сене қарадым. Көп ұзамай-ақ шабуыл маған жасалды. Сол кездегі аудан басшылары мені шақырып алып Айке, қайтеміз жоғарғы жақ шара қолдану керек,-деп қоймай жатыр. Бұны дұрыс түсінерсіз деп шындарын айтты. Бұл жылдары совхоз облыстық ауданның «ауыс-

Айтбек көке көзі тірісінде.

-Содан жергілікті партия, комсомол ұйымдары, аудандық ішкі істер бөлімі түсініктер алып, қатаң бақылауға алды,-деп әңгімесін Гүлнәр қайта жалғады.. Мен өзімнің кінәсіз екенімді еңбек арқылы дәлелдемек болып, кеңшардың құрылыс саласына жұмысқа кірдім. Шопандардың қыстау үй-жайларын, қора-қопсыларын жөндеп жүрдім. Нағыз азапты өмір қара жұмыс емес, ауылдың сыпсың сөздері болды. «Директордың қызы осындай компартияға қарсы болса, оңан екенбіз», «Сауап болды. Неге атып тастамады екен?» деген күншілдерді де көрдім. Ең қиыны маған клубқа, кітапханаға, жастар бас қосқан жерлерге баруға болмайтыны еді. Ақыры Елбасымыздың барлық желтоқсаншыларды ақтау туралы Жарлығы шығып, теңдік орнады. Қайта оқуыма шақырылдым. Тұрмыс құрдым. Оқуымды сырттай бітіріп алдым. Қазір жұбайым Қанат екеуміз бір мектепте ұстаздық қызметте жүрміз. Ол директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Отбасымызда Ринат, Рахат, Айдана есімді ұл-қыздарымыз тәуелсіз еліміздің кірпіші болып қаланып бірі еңбек жолында, енді бірі білім жолында жүр,-деп Гүлнәр жүрегінің түкпіріне сақталған, ұмытылмас жылдардың естеліктерін еске ала ақтарды.

Иә, Гүлнәр сияқты талай жандар бұралан тағдырдың бұрылыстарында жан азабын, аразабан аз тартпады. Ең бастысы ұлы арман орындалып, Ұлы Ұлтымыз еркіндік пен тәуелсіздік жолындағы ұлы мақсатына қол жеткізді. Осы жеңістерде кешегі қаршадай қыздың да тамшайдай үлесі бар. Біз Гүлнәрмен қимай қоштасып, келесі кейіпкерімізбен жолығуға асыға аттандық. ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері Гүлнәр Айтбекқызы «Желтоқсан ардагері» мерекелік медалінің иесі.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Жеке және заңды тұлғалардың назарына!

Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) және олардың ыдыстарын залалсыздандыру (кәдеге жарату, жою) кезеңдегі қауіпсіздік талаптарын сақтау.

Залалсыздандыруға (кәдеге жаратуға, жоюға) одан әрі мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз пестицидтер (ұлы химикаттар) жатады. Оларға адамдардың, жануарлардың денсаулықтарына немесе өсімдіктерге теріс әсер анықталуына, физикалық-химиялық және тұтыну қасиеттері өзгеруіне байланысты қолдануға тыйым салынған, бірдейлендірілмеген қоспалар түрінде сақталатын пестицидтер (ұлы химикаттар) жатады. Көрсетілген пестицидтерді (ұлы химикаттар) және олардың ыдыстарын залалсыздандыру (кәдеге жарату, жою) пестицидтердің (ұлы химикаттардың) иесінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

Жарамсыз пестицидтерді (ұлы химикаттарды) және олардың ыдыстарын залалсыздандыру (кәдеге жарату, жою) әдістерімен технологияларын пестицидтерді (ұлы химикаттарды) өңдірушілер әзілейді, пестицидтерді (ұлы химикаттарды) тіркеу кезінде санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық сараптамадан өтеді және препараттарға арналған нормативтік немесе техникалық құжаттама, қауіпсіздік паспортына, сондай-ақ ыдыстың затбелгі жапсырмасына және тұтынушыларға пестицидтер (ұлы химикаттар) өнім берушілер (өңдірушілер, импорттаушылар, сатушылар) ұсынатын қолдану жөніндегі ұсынымдарға енізіледі. Одан әрі пайдалануға жарамсыз пестицидтерді (ұлы химикаттарды) және олардың ыдыстарын көмуге жол берілмейді. Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) және олардың ыдыстарын, пестицидтердің (ұлы химикаттардың) тозған өнімдерін залалсыздандыру (кәдеге жарату, жою) процестері қошаған ортаға зиянды әсер етпейді тиіс. Қағаз немесе ағаш ыдыс заңнамаға сәйкес экологиялық бақылау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы мемлекеттік органдар белгілеген орындарда жағып жіберу жолымен жойылады. Жағып жіберу қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарын сақтай отырып жағылатын қоспалардың ұлы емес (қауіпті емес) заттарға ыдырауын қамтамасыз ететін жоғары температуралық қондырғыларда жүзеге асырылады. Бұл ретте кәсіпорын газтәріздес ластанғыштар мен күлдің шығарылуына үнемі бақылау мен мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді. Өнім берушімен (өңдірушімен, импорттаушымен, сатушымен) шарт болған жағдайда метал немесе полимер материалдан жасалған ыдыс өнім берушіге (өңдірушіге, импорттаушыға, сатушыға) залалсыздадыру жүргізілмеген, бірақ сырты таза және қақпағы тығыз жабылған күйде қайтарылуы мүмкін. Олай болмаған жағдайда кәдеге жарату немесе жою алдында ол нақты пестицидтерді (ұлы химикаттарды) залалсыздандыру (кәдеге жарату, жою) жөніндегі ұсынымдарда баяндалған талаптарға сәйкес залалсыздандырылады.

Құрамында сынап, синиль қышқылы және күшала бар пестицидтер (ұлы химикаттар) сақталатын жерлерінде залалсыздандыруға (кәдеге жаратуға, жоюға) жатпайды және оларды кәдеге жарату (қайта өңдеу) үшін мамандырылған ұйымдарға немесе өнім берушіге (өңдірушіге, импорттаушыға, сатушыға) тапсырылуы тиіс.

Қауіптілігі бірінші сыныпты, мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамсыз пестицидтер (ұлы химикаттар) герметикалықты қамтамасыз ететін және оларды сақтаумен кейінен залалсыздандыру (кәдеге жарату, жою) орнына көшіру кезінде қоршаған ортаның пестицидтермен (ұлы химикаттармен) ластануын болдырмайтын ыдыстарда сақталуы тиіс.

Қауіптілігі екінші сыныптағы препараттар полимерлік материалдардан жасалған арнайы жапсырмалары бар көп қабатты ыдысқа пестицидтің (ұлы химикаттың) ерекшелігіне қарай оралуы мүмкін. Жарамсыз пестицидтерді (ұлы химикаттарды) тиімен, тасмалдаумен және түсірумен байланысты барлық жұмыстар механикаландырылған болуы тиіс. Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) және олардың ыдыстарын тасмалдаған кезде жүргізушімен жүкті апарушы тұлғалардан басқа бөтен тұлғалардың қатысуына жол берілмейді. Залалсыздандыруға (кәдеге жаратуға, жоюға) жататын пестицидтерді (ұлы химикаттарды) тиісті сақтау жағдайлары болмаған кезде, қызметтің осы түріне лицензиясы бар шаруашылық жүргізуші субъектілер көрсетілген құралдарды орталықтандырылған жинауды және оларды сақтау үшін тиісті жағдайы бар қоймаларға тасуды қамтамасыз етеді. Көрсетілген қоймаларға бөтен тұлғалардың қол жеткізуін болдырмау қажет. Бүтіндігі бұзылған орамдағы пестицидтер (ұлы химикаттар) нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес ыдысқа қайта оралуға жатады.

Одан әрі пайдалануға жарамсыз пестицидтерді (ұлы химикаттарды) залалсыздандырған (кәдеге жаратқан, жойған) кезде оларды сақтау ауданында препараттардың иелері жауапты қызметкерлерді бөледі, олардың қатысуымен залалсыздандыру (кәдеге жарату, жою) жүргізіледі. Бұл ретте ұйымның атауы, залалсыздандырылған пестицидтің (ұлы химикаттың) аты, оның саны, залалсыздандыру (кәдеге жарату, жою) орны мен тәсілі, жұмысты жүргізуге жауапты тұлғаның тегі көрсетілетін акт рәсімделеді.

Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) өнеркәсіптік қайта өңдеу жолымен залалсыздандыру(кәдеге жарату, жою) нақты пестицидке (ұлы химикатқа) арналған жолдама құжаттамада көрсетілген технологияларға сәйкес жүзеге асырылады.

Айналымнан алынған пестицидтерді (ұлы химикаттарды) және халықтың өмірімен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіретін шығарылған өнімдердің алдын алу мақсатында өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантин саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша залалсыздандыруға (кәдеге жаратуға, жоюға) жатады.

ҚР АШМ АӨК МИК-нің Созақ аудандық аумақтық инспекциясы.

Хабарландыру

«Kazatomprom-SaUran» ЖШС хабарлайды, 09 қаңтарда 2026 ж сағат 15:00 - Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек а., Сарыарка 2 (Мәдениет үйі) мекен-жайында Мыңқұдық көнішіне 2026-2028 ж экологиялық әсер етуге рұқсат алу үшін ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Әсер ету радиусы -Созақ ауданы аумағында (координаттары: 49,99'51",68,79'54").

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және жер қойнауын пайдалануды реттеу басқармасы» ММ қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі, мекен-жайы: Түркістан қаласы, Жаңа Қала ША, 32 қ, 20 ф. Эл. пошта: a.erkebai@ontustik.gov.kz +72533-5-98-49. Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар келесі сілтеме бойынша онлайн режимінде өткізіледі:

Сағат 15:00-де 00 мин. 2026 жылғы 09 қаңтарда

<https://us05web.zoom.us/j/86230382834?pwd=brvOHvTuqqbzY0MDiRcSFkw15zn6Z2.1>

Конференцияның идентификаторы ID: 862 3038 2834

Қол жеткізу коды: 8dESGN

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Kazatomprom-SaUran» ЖШС АҚ, БСН 150540001510, Түркістан облысы, Созақ а., Таукент а.о., «1 Ыкшамаудан» к, 133 үй, 108 п тел. +7 (7780960000) +46093e-mail: sauran@-sauran.kazatomprom.kz

Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Д. Конаев 14/1 Ұй 82 п тел.8-705-723-53-63, e-mail: kazprogresssoyuz@yandex.kz.

«Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz> және

<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru> танысуға болады.

Объявление

ТОО «Kazatomprom-SaUran» сообщает, что в 15:00 ч 09 января 2026 года по адресу: Туркестанская область Сузакский район.Кыземшек, ул Сарыарка 2 (Дом культуры) состоятся общественные слушания на получение экологического разрешения на воздействие на рудник Мынкудукна 2026-2028 гг форме открытого собрания. Радиус воздействия – на территории Сузакского района (координаты: широта 49к99'51",68к79'54").

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования недропользования Туркестанской области», по адресу: г.Туркестан, мкр Жана кала ул 32, зд 20 эл.адрес a.erkebai@ontustik.gov.kz +72533-5-98-49. В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме по ссылке:

В 15 час. 00 мин. 09 января 2026 года

<https://us05web.zoom.us/j/86230382834?pwd=brvOHvTuqqbzY0MDiRcSFkw15zn6Z2.1>

Идентификатор конференции: 862 3038 2834 Код доступа: 8dESGN

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Kazatomprom-SaUran» БИН150540001510Туркестанская область, Сузакский р., пос Таукент мкр «1 Ыкшамаудан» д 133 кв 108 тел.+7 (7780960000) +46093 email:sauran@sauran.kazatomprom.kz

Разработчик: ТОО «КазПрогрессСоюз»; БИН: 110240020787, Республика Казахстан, г. Астана, пр Д.Кунаева д14/1 кв82 тел 87057235363, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz.

“С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz> и сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>

Өнім қауіпсіздігі

Өнімнің қауіпсіздігі–бұл азаматтардың өмірі, денсаулығы немесе мүлкі үшін сатып алынған өнімді қауіпсіз пайдалануды немесе оны белгіленген қызмет мерзімі немесе жарамдылық мерзімі ішінде сақтауды қамтамасыз ететін өнімнің қасиеті, сондай-ақ азаматтардың өмірі, денсаулығы немесе мүлкі, қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды қамтитын мемлекеттік стандарт белгіленген өнім, міндетті сертификаттаумен және кейіннен осы талаптарға сәйкестік белгісімен таңбалаумен азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі.

Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет тамақ және тамақ емес өнімдердің қауіпсіздігін бақылайды. Азық-түлік емес бөлігіне жататындары: балаларға арналған тауарлар, ба-

лалар ойыншықтары мен балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімдер, сондай-ақ, адам терісімен жанасатын материалдар (киім, аяқ киім), парфюмерлік-косметикалық, синтетикалық жуғыш заттар және тұрмыстық химия, жеке қорғаныс құралдары, тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар мен бұйымдар.

Техникалық регламенттерді қабылдау мақсаттары: адамның өмірін және (немесе) денсаулығын қорғау, сатып алушыларды (тұтынушыларды) жаңылыстыратын әрекеттердің алдын алу, қоршаған ортаны қорғау болып табылады.

«Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының адамның өмірі мен денсаулығын, тұтынушылардың заңды мүдделерін қорғау және Қазақстан Республикасының аумағында қоршаған ортаны қорғау үшін тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін белгілейді.

Кәсіби аурулар туралы не білу керек?

Кәсіби аурулар-белгілі бір мамандыққа байланысты кәсіпорынның зиянды әсерінен пайда болатын ауру. Кәсіптік аурулар кәсіпорындардағы санитариялық-гигиеналық ережелердің дұрыс орындалмауынан, шу, дүріл әсерінен, еңбек және демалыс тәртібінің бұзылуынан, жұмысшылардың техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтамауынан пайда болады. Мысалы, шаң-тозаңы көп жерде жұмыс істеген адамның өкпесі пневмокониозға (өкпені шаң басу), ал радиоактивті препараттармен жұмыс істейтіндер сәуле ауруына шалдығады.

Кәсіптік аурулардың жедел және созылмалы түрлерге бөлінеді. Жедел кәсіптік ауру-бұл әдетте қызметкерге зиянды өндірістік факторлардың бір реттік (бір жұмыс күнінен, бір

жұмыс ауысымынан аспайтын) әсер етуінің нәтижесі болып табылатын, кәсіптік еңбекке қабілеттілігін уақытша немесе тұрақты жоғалтуға әкеп соққан ауру.

Кәсіби ауруларды азайту үшін жұмысшыларды уақтылы медициналық тексеруден өтуі қажет.

Кәсіптік аурулардың алдын алуда жеке қорғаныш құралдарын пайдалану маңызды орын алады. Жеке қорғаныш құралдарына мыналар жатады: арнайы киім, аяқ киім, көзілдірік, құлаққап, қорғаныс қолғаптары, респираторлар және газ маскалары. Кәсіптік аурулардың алдын алуда қажетті сауықтыру және емдеу шараларын жүргізе отырып, міндетті алдын-ала және мерзімді медициналық тексерулердің маңызы зор.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ
басқармасының басшысы.

БЖЗҚ

Өзекті сауалдар

-Кірістерді қайта есептеп, ЖТС қайтаруға кімнің құқығы бар екенін түсіндіріңізші? Қайда жүгіну керек?

-Салық салынатын кірісті қайта есептеп, ЖТС қайтаруға құқығы бар жеке тұлғалардың тізбесі қолданыстағы Салық кодексінде айқындалған. Бұл бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектер, мүгедек балалардың ата-аналарының немесе қамқоршыларының бірі, бала асырап алушылардың бірі, жетім балалардың асырап алушы ата-аналары, соғыс ардагерлері және басқа санаттар. Мұндай азаматтардың толық тізбесіҚР Салық кодексінің 346-бабы 2) және 3) тармақтарында көрсетілген.

БЖЗТ бойынша салық салынатын табысты айқындау кезінде стандартты салық шегерімдері қолданылмаған зейнетақы төлемдерін алушылар, оларды қолдану құқығы болған жағдайда, шұғыл түрде–2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін (қоса алғанда)– БЖЗҚ-ның жақын жердегі филиалына кірістерді қайта есептеу және ЖТС өтеу үшін стандартты салық шегерімдерін қолдануға өтінішпен және растайтын құжаттармен («Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі» ААЖ-да алушының мүгедектігін растайтын мәліметтер болған жағдайда, тиісті растаушы құжаттар ұсыну талап етілмейді) шұғыл түрде жүгінуі қажет.

«Созақ үні»-ақпарат.

Мектеп жасындағы қыздар бояна ма?

Қазіргі қоғамда жасөспірім қыздардың мектеп жасында боянуы жиі кездесетін әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде қарастырылуда. Бұл құбылыс тек сыртқы келбетке байланысты эстетикалық өзгеріс ғана емес, сонымен бірге жасөспірімдердің психологиялық күйі, өзін-өзі бағалауы, әлеуметтік ортасы, отбасы тәрбиесі сияқты көпқырлы факторлардың нәтижесі. Мәселенің себеп-салдарын жан-жақты талдау-жасөспірімдермен тиімді жұмыс жүргізудің алғышарты.

Боянуға итермелейтін бірнеше себептер бар десек, біріншіден, өзін-өзі тану және қабылдау кезеңі, жасөспірімдік шақ – адамның психологиялық тұрғыдан ең күрделі кезеңдерінің бірі. Яғни, бұл уақытта қыздар өз келбетіне сыни көзбен қарап, өзгелермен салыстырады, тартымды болуға тырысады. Бояну арқылы олардың өзіне деген сенімі артады.

Екіншіден, құрбылардың әсері, ортасы-жасөспірім үшін ең күшті әлеуметтік орта. Құрбылардың пікіріне тәуелділік артқан кезде, жасөспірімдер: “бәрі боянады, мен боянуым керек”, “ұят болмас үшін”, “артта қалмау үшін” деген оймен косметикаға жүгінеді. Бұл әлеуметтік қысым қыздардың өз әрекетін объективті бағалауына кедергі келтіреді.

Үшіншіден, Әлеуметтік желінің әсері. TikTok, Instagram сияқты платформа-лардағы бейнелер жасөспірім санасына үлкен ықпал етеді: Әдемі боянған блогерлер, «Make-up tutorials», «Glow-up» трендтері. Жасөспірім қыздар бұл бейнелерді табиғи норма ретінде қабылдайды. Нәтижесінде: реал өмір мен интернеттегі әдемілік стандарттары шата-суда.

Төртіншіден, отбасы тәрбиесіндегі ерекшеліктер, көп жағдайда қыздардың боянуы: ата-ананың тым қатал немесе тым еркін бақылауы, ана мен қыз арасындағы ашық диалогтың болмауы, қарым-қатынастағы алшақтық, үлкендердің өздері үйде жиі боянуы, жеке шекараларды түсіндірмеуі себепті факторлар әсер етеді. Отбасында сыртқы сұлулыққа басымдық берілсе, бала да өзін тек бояумен безендіру арқылы бағалауға үйренеді.

Бесіншіден, Өз құндылығын сыртқы келбеті арқылы дәлелдеу: яғни, өзін әлі толық танымаған жасөспірімдер үшін бояну – “мен де әдемімін”, “мен де өзгер-лерге ұнай аламын”, – деген ішкі қажетті-



ліктің көрінісі болуы мүмкін.

Ерте жастан боянудың салдары неге әкелуі мүмкін?

Қыздар боянумен өздерін ертерек есейтіп, өзін ересек етіп көрсеткісі келсе, айналадағы талаптар да соған сәйкес қатаңдай бастайды. Бұл: балалық пен ересектік арасындағы ішкі қайшылықты, өзіндік “Мен” бейнесінің бұзылуын, эмоционалды тұрақсыздықты күшейтеді.

Ал медициналық тұрғыдан қарайтын болсақ бұл жасөспірім қыздардың бет терісінің бұзылып, сапасыз косметика-ның салдары: олардың нәзік бет терісін безеу, аллергия, қызару, тері тесіктері-нің бітелуі сияқты мәселелер тудыруы мүмкін.

Косметикаға, сыртқы келбетке шама-дан тыс көңіл бөлу арқылы қыздардың сабаққа назары азайып, бос уақыттың көп бөлігін «әдемі болуға» жұмса-ды, өзін басқалармен көбірек салыс-тратын болады, өмірлік миссиясы өзге-ріп, құндылықтарын жоғалтып алуы әбден мүмкін.

Жоғарыда аталған мәселенің негізгі себебі отбасындағы мейірім, назар, қабылдау, жылы сөз, қолдау мен ма-хаббаттың жетпеуінен пайда болатын-эмоциялық аштық. Бұл кезде бала өз құндылығын сыртқы нәрсемен дәлелде-

уге тырысады. Яғни, эмоциялық аш ба-ла: «мен әдемі болсам-мені жақсы көреді, байқайтын болады, мақтайтын болады деген сынды ойлармен бей са-налы тұрғыда өзіне назар аударта бас-тайды, ал егер өзіне деген сенімі төмен болса, кемшіліктерін бояумен жасырып, сұлулық арқылы сенімділік табуға ты-рысады.

Мәселені шешудің жолдарына келсек, мектеп пен отбасы арасындағы бірлес-кен саясат құрылуда. Яғни, мемлекет тарапынан бекітілген мектеп формасы мен ережесі бар, боянуға қатысты жұмыстар жүргізілуде, ата-аналармен түсіндірме жұмыстары да аз емес. Осы орайда, мектеп жиналысына қатыспай-тын, белгілі бір себептермен қатыса ал-май жүрген ата-аналар үшін осы мәсе-лені барша Қазақ еліне жеткізім келеді.

Өкінішке орай, қазіргі қоғамда қызмет бабымен жүрген ата-ананың баламен сапалы уақыт өткізуге мұршасы келмей жүр. Бірі қызмет бабымен таңнан кеш-ке дейін жұмыста болса, бірі қаржы жетіспеушілігінен, күн көріс үшін басқа да мәселелермен баласына дұрыс көңіл бөле алмауда. Сол себепті де балалар еркіндікті сезініп, білгенін істеп, әркімге еліктеп жүр. Бұл мәселені шешу үшін мектептерде арнайы жиналыстар мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Бірақ

нәтиже жоқтың қасы. Мектептерде қыз-дарға боянба деп ескертіп, онымен жұмыс жасаудың нәтиже бермеуі көпшілік жерде қыздарды сөгіп, ауыр сөздер айтылуда: «Кім үшін боянып жүрсің?», «Неге боянып келдің?» деп яғни жігіттерге көріну үшін боянады деп ойлайды-мыс. Бұл жерде екі тарапқа да айтарым, ата-ана балаға дұрыс тәрбие бермесе қанша ұрысқанмен нәтиже болмайды, ата-ананың бере алмаған тәрбиесін ешбір мектеп бере алмайды.

Әрбір ата-ана баласына қатысты мәселеге бей-жай қарамаса екен. Мек-теп тарапынан айтылған сын-ескертпе-лерге жауапкершілікпен қараса екен. Қыздарымен қарым-қатынасы дұрыс болмай жатса мектепке сілтеп қоя сал-май, қарым-қатынасты реттеудің жолын іздесе, қызымен сөйлесіп, түсінуге ты-рысса, шамасы келмей жатса мектеп психологтарына тапсырса екен. Себебі, қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Бүгінгі қыз балалардың тәрбиесін ата-ана мен мек-теп болып бірлесіп жұмыс жасағанда ғана нәтижелі болары анық. Бір жақты көзқараспен мектепке сілтеп қою көп ата-ананың кемшілігі. Ата-ана мен мек-теп болып, екі жақтап балаға түсіндіріп, ортақ шешім айтқанда жұмыс өз нәти-жесін береді. Осы кезде ойыма Ахмет Байтұрсынов атамның «Аққу, шортан һәм шаян» өлеңі еске түседі. Жүкті үш жаққа тартқаннан пайда жоқ. Мектеп тарапынан болған талапты ата-аналар қолдап отырса балада еркінсімейді. Кейбір ата-аналар мектептің ереже-лерінен аттап кеткендіктен, арты осын-дай проблемалар туындауына алып ке-леді. Әр ата-ана қыз баланың тағдыры-на алаңдайтыны белгілі секілді, әр мек-теп үшін бала тәрбиесі білім беруден жоғары тұрады. «Тәрбиесіз берген білім, адамзаттың қас жауы» деп Әл-Фараби атамыз бірнеше ғасыр бұрын айтып кет-педі емеспе?!

Ендеше, қоғам болып, ұлт болып, барлық қыз тәрбиелеп отырған әке мен аналарды бүгінгі ұрпақ мәселесіне үлкен жауапкершілік танытып, қыз ба-ланың мектеп жасында боянуына тоқтау қоюға атсалысуға шақырамын.

Балжан Беккулиева,
«Ы.Алтынсарин атындағы жалпы
білім беретін мектеп» КММ-нің та-
рих пәні мұғалімі педагог-зертте-
уші, мектептегі «Қыздар
кеңесінің» төрайымы.

“Мен зорлықсыз әлемді қалаймын» тақырыбында эссе жазу байқауы өтті

Ауданымызда «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді 16 күн» республика-лық акциясы аясында мазмұн-ды іс-шара ұйымдастырылды. Атап айтқанда, А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беру мектебінде «Отбасын қолдау орталығы» КММ-нің ұйымдас-тыруымен 9–10 сынып оқушы-лары арасында «Мен зорлық-сыз әлемді қалаймын» тақыры-бында эссе жазу байқауы өтті.

Байқауға ауданның белсенді, шығармашылық қабілеті жоға-ры 10 оқушы қатысып, өз ой-ларын көркем әрі сауатты жет-кізе білді. Оқушылардың жұмы-стары арнайы белгіленген 6 критерий бойынша әділ баға-ланды. Байқауға қатысушы-ларға эссе жазу үшін 1 сағат уақыт берілді.

Іс-шараға «Отбасын қолдау орталығы» КММ-нің бөлімше басшысы Біржан Саржанов, ха-лықпен профилактикалық жұ-мыс жөніндегі маман Манабае-ва Айжан, бұқаралық ақпарат



құралдары және жұртшы-лықпен жұмыс жөніндегі маман Пірназар Гүлнұр, сондай-ақ А.Сүлейменов атындағы мек-тептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Төре Асылзат қатысып, оқушылардың жұмы-старын бағалады.

Байқаудың негізгі мақсаты – оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілетін да-мыту, зорлық-зомбылықсыз қо-ғам құндылықтарын дәріптеу, тұлғалық көзқарасын қалыпта-стыру және өз ойын сауатты, еркін жеткізе білуге баулу.

Қазылар алқасының шешімі-мен: I орын – 9 «Б» сынып оқу-

шысы Құраш Кәусар, II орын – 9 «А» сынып оқушысы Мансұр Әсел, III орын – 10 «Б» сынып оқушысы Ибадулла Сабина ие-ленді.

Сондай-ақ, «Қалам мен жү-рек» номинациясы 10 «А» сы-нып оқушысы Патшахан Існұже, «Жас қаламгер үні» номинация-сы 10 «Б» сынып оқушысы Ор-ынбасарқызы Назеркеге бұй-ырды.

Жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Іс-шара соңын-да «Отбасын қолдау орталығы» КММ-нің бөлімше басшысы Біржан Саржанов байқауға қатысқан барлық оқушыларға алғысын білдіріп, шығармашы-лық табыс тіледі.

Осындай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар жас ұрпақтың сана-сында зорлық-зомбылықсыз қоғам қалыптастыруға, адами құндылықтарды нығайтуға үл-кен үлес қосары сөзсіз.

«Сөзақ үні»-ақпарат.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Сөзақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпа-рат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басыл-ды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жа-
йы: 161000, Шолақорған ау-
ылы, С.Қожанов көшесі 68,
байланыс телефондары 4-15-
30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3150 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев